**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**«Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» даярлау бағыты бойынша**
**Академиялық Комитет мәжілісі**

**№1 ХАТТАМАСЫ**

**Кентау қаласы** **12.10.2022ж.**

**Қатысқандар:** Исмагулова Ж.С.- АК төрайымы, доцент м.а., Казбекова Г.Н.- кафедра меңгерушісі, доцент м.а, Жунисов Н. М. - PhD, аға оқытушы, Амиртаев К. Б. - аға оқытушы, Садыбеков Р.Ш - аға оқытушы, Искендирова Г.С.- Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, оқытушы, Худайбергенов Бауыржан Амангельдиевич -- «КТЗ» АҚ- ның басқарма төрағасы, Нұртаза Аяжан - МАЖ-111 тобының 2 курс магистранты

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Академиялық комитеттің жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу
2. Түлектер моделін әзірлеу
- әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру
- түлектер моделін әзірлеуге қатысу.
3. Қазан айында атқарылған іс –шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

*1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша АК төрайымы Ж.С.Исмагулова*: Академиялық комитеттің жұмысын ұйымдастыру үшін, жалпы ережелермен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, осымен байланысты, ББ бойынша түлектерінің моделін әзірлеу, әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру, түлектер моделін әзірлеуге атсалысу туралы айтты. Осы мәселелер бойынша АК мүшелерінде кімде қандай ұсыныс бар, өз ойларын ортаға салып талқылауды ұсынды.

2. АК мүшесі Жунисов Н.М. ***бірінші мәселе бойынша***: «Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар» бағыты бойынша Академиялық комитеттің жұмыс жоспарын ұйымдастыру бойынша өз ұсынысын ортаға салды

3. АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі Худайбергенов Б.А. ***екінші мәселе бойынша***: алдымен сіздермен бірге әріптес ретінде қатысып отырғаныма қуаныштымын. Қазіргі таңда «Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» даярлау бағыты бойынша білім бағдарламаларын меңгерген түлектер өзінің кәсіптік қызмет саласында жүйелерді жобалау, әзірлеу, енгізу, сүйемелдеу және есептеу жүйелері мен желілерді сүйемелдеу, тестілеу саласында қызметтерін көрсете алатындай болуы тиіс деді.сондықтан біз де осы бағыттар бойынша қолдау көрсетуге дайынбыз деп атап өтті.

4. АК мүшесі Амиртаев К.Б.:Университет түлектерінің моделін әзірлеу жұмыстарына келетін болсақ, білім беру нәтижелерін бағалаудың ең пәрменді құралдарының бірі түлектің құзыреттілік моделі болып табылады, ол бір жағынан оның болашақ қызметін еңбек пәндерімен байланыстыратын біліктілікті қамтиды, екінші жағынан, білім беру нәтижесіне қойылатын пәнаралық талаптарды көрсетеді. Бұл модельді университет түлегі не үшін жарамды болуы керек, ол қандай функцияларды орындауға дайындалған және қандай қасиеттерге ие екендігі туралы құзыреттілік тұрғысынан сипаттама ретінде анықтауға болады. Сондықтан да түлектер моделі дайындалып, университет сайтында көрініс табуы тиіс деп ойлаймын.

*АК төрайымы Ж.С.Исмагулова*: Құрметті *Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар* даярлау бағыты бойынша АК мүшелері қазан айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды. АК жоспары, құрамы бекітілді. АК ережесі таныстырылды. Түлектер моделі үлгісі ұсынылды.

*АК мүшелері ұсынысты бірауыздан қолдады.*

**Шешім:** Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар даярлау бағыты бойынша 2022-2023 оқу жылына атқарылатын іс-шаралар жоспары түзілсін, Ережелермен танысу, Ак жоспары бойынша қазан айында орындалған іс –шаралар қабылдансын.

**Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет төрайымы:** **Ж.С.Исмагулова**

**Хатшы:** **Г.С.Искендірова**